

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылдық округі Шөптікөл ауылының "Жан-Сал" фермер қожалығы мал шаруашылығы фермасының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 мамырда № 4176 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылдық округі әкімінің 10.07.2017 № 10 шешімімен (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 – бабының 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 08-08/145 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шөптікөл ауылдық округі Шөптікөл ауылының "Жан-Сал" фермер қожалығы мал шаруашылығы фермасының аумағында жылқылар арасында жұқпалы ринопневмония ауруының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*А. Әжібаев*